

## Кеңейтілген кеңес өтті

Қостанай облыстық сотында 2016 жылғы сот төрелігін жүзеге асыруды қорытындылауға арналған кеңейтілген кеңес өтті.

Кеңейтілген кеңеске Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (ҚР Жоғарғы Соты аппаратының) басшысының орынбасары Жазбек Әбдиев және облыс судьялары қатысты.

Өткен жылғы сот қызметінің нәтижесін сараптау облыстық соттың алқа төрағалары А.Шамшиев пен В.Долгихтің баяндамаларынан басталып, олар жұмыс көрсеткіші бойынша статистикалық мәліметтерге тоқталды.

Сот этикасы жөніндегі комиссия жұмысы жайлы судья Қ.Сәлмұхаметов баяндама жасап, жаңа Судья әдеби кодексінің қабылдануымен судьяларға қойылатын талаптың артқанын ескертті.



Соттардың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі туралы облыстық соттар әкімшісінің басшысы Алмас Абжаппаров баяндады.

Сонымен қатар, кеңес барысында кей жергілікті соттардың төрағалары 2016 жылы атқарылған жұмысы жайлы есеп берді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін

қамтамасыз ету департаменті басшысының орынбасары Жазбек Әбдиев бұрын өзі де судья болғанын тілге тиек етіп, бүгінде судьялар аса жітік бақылауда екенін айтты. Бүгінде судьялардың жұмыс істеуіне жасалған жайғдайды тоқсаныншы жылдардағы тоқырау кезеңімен салыстырған Жазбек Ниетұлы: - Қазіргі таңда судьяларда мәртебе бар,



дегенмен, заңдарды дұрыс қолдану арқылы халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыру керек. Судьялардың өзін өзі бақылауы жоғарғы деңгейде болу керек,- деп баса айтты.

Кеңейтілген кеңесті қорытындылаған төраға А.Мерғалиев 2016 жылы облыс соттарының жұмысында айтарлықтай ілгерлеушілік бар екендігін

айтып, алдағы уақытта да күнделікті тәжірибеде әр шешімнің негізді ері заңды болуын бақылау керектігін ескертті.

«Сот төрелігін жүзеге асыруда судья заңды басшылыққа ала отырып, әр іске қатаң ұстаныммен қарауы керек» - деп атап өтті Қостанай облыстық сотының төрағасы А.Мерғалиев.

Шара соңында

бітімгершілік рәсімдердің дамуына үлес қосып, жоғары көрсеткішке қол жеткізген жекелеген судьялар мен соттар марапатталды.

Бұл бағыттағы жұмыста Қостанай аудандық соты республика бойынша үшінші орынды иеленіп отыр.

**Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі**

## Жолдау академиялықтарды да бір серпілтіп тастады

2017 жылы 03 ақпан күні Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының акт залында жалпыакадемиялық жиын өтті.

Жиын Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын түсіндіруге арналды. Оған Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Ахмедияұлы Қызылов және академияның барлық жеке құрамы қатысты.

Басқосуда Елбасының Жолдауы



талқыланып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Көпшілік алдында Академияның әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушылары М. Туйғанов және Б. Альпейсов Жолдау туралы баяндама жасады.

Жолдау барысында Республикалық бюджеттің 40%-дан астамын құрайтын Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау, Білім және ғылым министрліктеріне берілген тапсырмаларды қалай орындау керектігі жөнінде сөз қозғалды.

Жиын соңында Жолдаудың орындалуына жауапты қызметкерлер басқосуға келген БАҚ өкілдеріне өз ойларын білдіріп, сұхбат берді.

**Мейрам ОСПАНОВ**



## Жеке даулар бойынша медиация тәртібі қолданылады

Қолданыстағы бітімгершілік рәсімдерді дамыту дауларды реттеу және азаматтардың бұзылған құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдірудің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Мемлекет басшысының Республика судьяларының VII съезінде берген тапсырмасын жүзеге асыру үшін медиацияны қолдану салаларын одан әрі кеңейту мақсатында жеке санаттағы дауларды (жанжалдарды) медиация тәртібімен сотқа дейін реттеу міндеттілігі бойынша Жоғарғы Сот пилоттық жобаны іске қосты.

Пилоттық жобаны іске асыру жөніндегі тиісті ереже Жоғарғы Сот төрағасының өкімімен бекітілді. Жоба шеңберінде мұрагерлік, некені бұзу, мүлікті бөлу, шығару және кондоминиум басқару мәселелері, қарыз шарттарға қатысты, кейбір еңбек даулары және т. б. санаттағы даулар (жанжалдар) бойынша медиацияны міндетті түрде жүргізу қамтылады.

Пилоттық жоба көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық экономикалық және азаматтық істерді қарайтын аудандық және оларға теңестірілген соттарда

жүзеге асырылады.

Пилоттық жоба шеңберінде соттар тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Атап айтқанда, сот ғимараттарында ақпараттық стендтер орналастырылып, жергілікті соттардың интернет-ресурстарында пилоттық жобаны іске асыру барысы туралы ақпарат жарияланды.

Жоғарғы Сот Қазақстан халқы Ассамблеясымен арада қол қойған Меморандум шеңберінде медиация институтын дамыту бойынша, баламалы және өзге де соттан тыс дауларды шешу тәсілдерін, атап айтқанда, қоғамда жанжал денгейін

төмендетуге ықпал ететін медиацияны енгізу және дамыту бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыруда, тұрғындар арасында сотқа дейінгі іс жүргізу және дауларды (жанжалдарды) соттан тыс реттеу институттары туралы, оларды қолдану артықшылықтары, нотариустың атқару жазбасын жасау арқылы коммуналдық қызмет отырып, сомаларын өндіріп алу рәсімін жеңілдету туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуде, отставкадағы судьяларды тарта отырып, медиация кабинеттері ашылуда.

**inform.kz**



## Елу – ердің жасы!

Жақында Қостанай облысы ТЖД авариялық-құтқару қызметі басқармасының бұрынғы бастығы өртке қарсы қызмет полковнигі Лебединский Вадим Викторовичтің 50 жасқа толған мерейтойы аталып өтті.

Туған күн иесін «Қостанай облысы ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ бастығы Жүсіпов Марат Серікұлы құттықтап, оған «Құрметті Вадим Викторович! Сізге шын жүректен мол бақыт, ұзақ ғұмыр, отбасылық береке және Сізге бұдан арғы уақытта тек сәттілік тілеймін. Сіз қызметті қатардағы инспектор лауазымынан бастадыңыз және осы жылдардың ішінде өз еңбегіңізбен биік шыңдарды бағындырдыңыз. Сіз әрқашан табандылығыңызбен, батылдығыңызбен және мақсат қоя білуіңізбен ерекшелендіңіз, өзіңізді адал және елгезек қызметкер ретінде көрсеттіңіз» деп өзінің жүрекжарды құттықтауларын жолдады.

Сол сияқты «ӨС және АҚЖҚ» ММ бастығының орынбасары Агдавлетов Ерболат, Қостанай облысы ТЖ ардагерлер кеңесінің төрағасы Киселев Виктор, кадр жұмысы бөлімінің бастығы Такенов Идрис сондай-ақ «ӨС және АҚЖҚ» ММ бөлім бастықтары өздерінің жылы лебіздерін білдірді.

Вадим Викторовичтің құрметті демалысқа шыққанына да 6 жыл өтіп кетті, алайда демалыстамын деп қол қусырып отырған ол жоқ, керісінше «Өрт сөндіруші» Қостанай филиалы бастығының орынбасары болып өрт сөндіру депосында жұмыс істеуін жалғастыруда.

Өрт сөндіру депосына жұмысқа орналасуы Вадим Викторовичтің жұмысқа деген көзқарасының қай уақытта да ерекше болғандығының дәлелі.

Иә, елу – ердің жасы демекші, Қостанай облысының өртке қарсы қызмет гарнизоны Вадим Викторовичті шын жүректен құттықтай келе, оған отбасылық береке, мықты денсаулық, барлық жақсылық, сәттілік және толағай табыстар тілейді.

**Қостанай облысы ТЖД «ӨС және АҚЖҚ» ММ мемлекеттік тіл және ақпарат тобы**



## БАҚ өкілдерінің қатысуымен брифинг өтті

Қостанай облыстық сотында өткен жылғы сот төрелігін жүзеге асыру қорытындысына арналған бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен брифинг өткізілді.



Шараға алқа төрағалары Арман Шәмшиев пен Владимир Долгих, БАҚ-пен жұмысты үйдестіруші судья Гүлманат Артықбаева қатысып, 2016 жылдың 12 айындағы облыс соттарында қаралған істер саны мен сапасына тоқталды.

Сонымен, статистикалық мәліметтерге тоқталар болсақ, облыс соттарымен барлығы 3937 қылмыстық іс қаралған, оның үшеуі бойынша алқабилердің қатысуымен үкім шығарылған. Бұған қоса, 3235 санкциялау туралы, 2398 өзге де материалдар қаралған. Сот үкімімен ақталғандар саны 2015 жылғы 41 тұлғадан өткен жылы 93-ке дейін артты.

Медиатордың қатысуымен қаралған істер саны да артып, 2015 жылы 765 іс болса, 2016 жылы 934 қылмыстық іс медиатор көмегімен

қаралды.

Сонымен қатар, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы А.Шәмшиев қаралып отырған мерзім ішінде 59 тұлға сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасағаны үшін сотталғанын мәлімдеді. Олардың 22-не айыппұл төлеу түріндегі, 30 сотталушыға бас бостандығынан айыру, 4 адамның бас бостандығын шектеу, 2 тұлғаға шартты жаза тағайындалған.

Азаматтық істерге тоқталар болсақ, былтырғы жылы 103338 азаматтық іс пен материал қаралған. Шешім шығарумен 22499

іс аяқталып, 24979 іс бойынша сот бұйрығы шығарылған. Сондай-ақ, облыс соттарында 24100 әкімшілік іс қаралды.

Брифинг барысында сот төрелігін жүзеге асырудың негізгі тұстарымен қатар сот жүйесіндегі жаңалықтар да айтылды. Оның бірі 2017 жылдан бастап азаматтық даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды (жанжалдарды) медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу бойынша пилоттық жобаның республика соттарында іске қосылуы. Аталған жобаға сәйкес, міндетті медиацияны қолдануға мұрагерлік, неке бұзу

және мүлкті бөлу, үйден шығару және кондоминиумды басқару, несие алу келісім-шарттары, кейбір еңбек даулары, т.б. даулар жатады. Пилоттық жоба ювеналдық, мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттарда және азаматтық істерді қарайтын аудандық және оған теңестірілген соттарда жүзеге асатын болады.

Журналистер сауалдарына жауап берген азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Владимир Долгих Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Қ.Ө.Мәми Қазақстан сот жүйесінің көрсеткіштерін халықаралық рейтингте жақсартуға арналған 2017 жылы жүзеге асырылатын іс-шаралар жоспарын бекіткенін атап өтті.

Сонымен қатар, судьялар БАҚ өкілдерінің қоғамдық резонансқа ие болған істерге қатысты сауалдарына жауап берді.

*Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі*

## Өзара іс-қимыл жөніндегі меморандумды бекітті

Қостанай облысының көмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты және республикалық «АСЫЛ БАЛА» Ассоциациясының филиалы өзара іс-қимыл жөніндегі меморандумды бекітті.

Қостанай облыстық соты баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, Меморандум бекітудегі негізгі мақсат – көмелеттік жасқа толмаған балалардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау мәселесі аясында ортақ шаралар ұйымдастыру болып табылады.

Тараптар балалардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауға ықпал етіп, тұрғындар арасында ақпараттық-насихаттық жұмыстар жүргізуге және көмелеттік жасқа толмаған балалардың құқығы мен мүдделерін қорғау мәселесі бойынша тиімді тәжірибемен бөлісуде ортақ қызығушылық танытып отыр.

Меморандумға қол қойған ювеналдық сот төрайымы Айзада Жәнібекова көмелетке толмаған балалардың, оның ішінде, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығына зәру ұрпақтың құқығы мен мүдделерін қорғау мәселесінде мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара бірігіп жұмыс істеуінің маңызды қадам екенін атап өтті. Сонымен қатар, бекітілген меморандум аясында нәтижелі жұмыс істеуге үміт артатындығын білдірді.

## Өрттің себебі - сөндірілмеген шылым тұқылы

Үстіміздегі жылғы 29 қаңтарда Рудный қаласы Ленин көшесінің бойындағы бір көп қабатты үйдің пәтерінен өрт шықты.

Сағат 11.42-де Рудный қ. 1-МЖ байланыс пультаына көршілес пәтерден түтіннің иісі шығып жатқандығы туралы көршілерден қоңырау келіп түсті.

Өрт сөндірушілер келген кезде төрті бөлмеде диван, үй заттары жанып жатты,

пәтердің қабырғалары мен төбесі де қап-қара ысқа айналған.

Газ-түтіннен қорғау қызметінің мамандары 2 адамды құтқарды. Құтқарылғандар медициналық көмек көрсету үшін қалалық ауруханаға жатқызылды. Ер адамның алкогольді мас күйде болғаны анықталды және оның денесінің төменгі жағының 20%-ын күйік шалған.

Өртті сөндіру барысында үйден барлығы 10 адам көшірілді. Өртті сөндіруге Рудный қ. №1

құтқару жасағының 2 автоцистернасы мен 10 адам жеке құрамы қатысты.

Газ-түтіннен қорғау қызметінің тыныс алуға жарамсыз ортадағы жұмысы 37 минутқа созылды. Өрттің болжалды себебі - сөндірілмеген шылым тұқылы.

*Қостанай облысы ТЖД «ӨС және АҚЖҚ» ММ мемлекеттік тіл және ақпарат тобы*

## СОТ ЗАЛЫНАН

### Кәсіпорын қаржысын өзінікіндей жұмсаған...

Қостанай облысында коммуналдық кәсіпорын кассирі 4 млн. теңгеге жуық қаражатты иемденіп алуда айыпты деп танылды.

Қостанай аудандық соты ҚР ҚК 189-бабы 2-бөлігі 3-тармағы бойынша (сеніп тапсырылған бөтен мүлкі иемденіп алу немесе талан-таражға салу) айыпталған 42 жастағы азаматша Ф-ға қатысты қылмыстық істі қарады.

Ол «Қостанай ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-ге қарасты «Затобол жылу-энергия компаниясы» КМК-да кассир болып жұмыс істеген.

Іс материалдары бойынша, «Қостанай ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-ге қарасты «Затобол жылу-энергия компаниясы» КМК-да кассир болып жұмыс істеген Ф. өз лауазымын пайдаланып 2016 жылдың ақпанында 921 000 теңгені иемденген. Бұл қаражатты ол өз отбасына қажетті заттарға және жұбайына дәрі-дәрмек алуға жұмсаған.

Сәуірде тағы да 950 000 теңге қымқырған кассир ол ақшаны үйді заңдастыруға кеткен шығынды және құрлыс салдарынан қордаланған қарыздарын өтеуге жұмсаған.

Кейін, маусым айында Ф. кассадан тағы да 940 000 теңге алып отбасы мүшелерін емдетуге, тамызда 970 000 теңге иемденіп оны балаларының білім алуына шығындаған.

Азаматша Ф-ның заңсыз әрекеті салдарынан коммуналдық кәсіпорынға 3 млн. 781 мың теңге материалдық залал келген.

Сот үкімімен Ф. қылмыстық істе айыпты деп танылып, оған мүлкін тәркілеп 2 жылға бас бостандығын шектеу және үш жыл мерзімге материалдық жауапшы қызметте жұмыс істеу

құқығынан айыру жазасы тағайындалды. Рақымшылық актісін қолдануға орай азаматша Ф. негізгі жазадан босатылды.

Сот жәбірленуші тарап пайдасына азаматша Ф-дан 4 млн. теңге көлемінде келтірілген залалды өндірді.

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

### Қаражат ұрлаған ЖШС қызметкеріне рақымшылық жасалды

Қостанай облысының Жітіқара аудандық соты азаматша Н-ға қатысты қылмыстық іс өндірісін рақымшылық актісін қолдану арқылы тоқтатты.

Іс материалдары бойынша, Жітіқара қаласында шағын несие берумен айналысатын «Союз-Кредит» ЖШС-да несие бойынша қызметкер болып жұмыс істеген Н. 2012 жылдың 13 тамызында сағат 11.00 шамасында серіктестік қызметін пайдаланған азамат М-дан несие келісім шарты бойынша 300 000 теңге көлемінде қарыз өтемін қабылдап, түбіртек берген.

Алайда, Н. алған ақшаны кіріске қоспай өз қажеттілігіне жұмсап жіберген. Кейін істеген ұрлық фактісін жасырмақ болып жұмсаған сомасының 47 000 теңгесін кассаға қайта салған. Ал қалған қаражатты қайтармаған. 2012 жылдың қазанында ол тағы да 35 000 теңгені заңсыз өз пайдасына асырған.

Азаматша Н. жасаған қылмыстық құқық бұзушылық орташа ауыр қылмыс түріне жатады.

Рақымшылық барлығына ортақ емес, ол тек ауыр емес және орташа ауыр қылмыс бойынша бірнеше категорияға қолданылады «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» ҚР Заңына сәйкес, қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар бойынша барлық

қылмыстық істер және соттар қарамаған істер бойынша іс жүргізу көмелеттік жасқа толмаған балалары бар әйелдерге қатысты тоқтатылады.

Сот қаулысымен жәбірленуші тарап пайдасына азаматша Н-дан 388 000 теңге көлеміндегі мүлкіті шығын өндірілді.

Н-ға қатысты рақымшылық актісі қолданылып, іс өндірістен тоқтатылды.

### Ұрлық жасауда кінәланған азаматты сот айыпсыз деп таныды

Қостанай облысының Федоров аудандық соты 30 жастағы Михайл Нуркановтың әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылықтың дәлелденбеуіне орай ұрлық жасау фактілері бойынша оны айыпсыз деп таныды.

Ер адам 2015-2016 жылдар аралығында үш ұрлық пен қарақшылық жасады деп айыпталған. Айытау актісіне сәйкес, ол жалпы құны 800 000 теңге болатын компьютерлік техника, автобөлшектер, велосипед және т.б. өзгенің мүлкін ұрлаған.

Бұрын сотталған Нурканов тергеу кезінде тағылған кінәні мойындағанымен сот барысында ешқандай ұрлық жасамағанын айтқан.

Сонымен қатар, ол бұған дейін тергеу кезінде полиция қызметкерлерінің қысым көрсетуімен қылмыстық әрекеттерді өз мойнына алғаны және осы әрекеті үшін өзімен бірге тұрған әйелмен несе баласымен кездесуге, азық-түлік алып тұруға мүмкіндік алғанын мәлімдеген.

Бұған қоса, Нурканов сот отырысы барысында әр ұрлық фактісі бойынша полиция қызметкері оған қылмыстық іс материалдары мен оқиға орын алған жердің фото суреттерін көрсету арқылы не айту керектігі туралы нұсқау беріп отырғанын айтқан.